

Тәрбие табалдырықтан басталады

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар үясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран үяда не көрсе, үшқанда соны іледі» фой. Отбасының берік негізі рухани мұдденің бірлігінде болмақ.

Үрпақ – адамзаттың болашағы, ал отбасы – кішкене мемлекет. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі – баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қашшама ата-ана бар десеңізші. Халқымыздың «Балаңды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындаи жұмса, одан соң өзіне ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы бар емес пе!

«Баланың бас ұстазы – ата-анасы» демекші, отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос журмесін сандалып» дег Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжандаттай, байсалды, үгимтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ

болуы керек. «Әкеге қарап үл есер, шешеге қарап қызы есер», «Әке керген оқ жонар, шеше керген тон пішер» демекші, жалпы отбасында үл бала тәрбиесінде әкенін, қызы бала тәрбиесінде шешенін орны ерекше. «Қызын өссе, қызы жақсымен ауылдас бол, ұлын өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса елдің қорғаны, қызы туса елдің көркі» дег халқымыз бекер айтпаган шығар. Мұның бәрі еке-шешенін бала тәрбиелеудегі ездерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты болмақ.

«Ата-ана балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс үйімдастырып, немен айналысып жүргендігіне жіті көніл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды окуға жасынан дәгдышындыра, кейін бармақ тістейтін оқығалардың алдын алуға болар еди.

Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипatty қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу – бұл қазак халқы үшін жазылмаған зандар. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сініл әдепті» деген мақалдардан біздің ата-бабаларымыз үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғаның көреміз.

Сонымен, ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» деген нақыл өмірден алын-

ған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те қурделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. «Біздің балалар – біздің қартиғымыз, жаман тәрбие – болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы; бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші, көн-байтақ елімізде үрпақтан-үрпаққа жалғасып, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында буршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.

Қазіргі заманға сай біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колledgeндегі аптаның 5 күні ішінде жеке психологиялық және социологиялық сауалнамалар мен тренингтер әр топтың білім алушыларымен бірге жүргізіледі. Сондай-ақ, тәлім-тәрбиені дамыту жолындағы негізгі мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес, біздің оку орнымызда әртүрлі жиындар мен ашық сабактар, социологиялық зерттеулер және әр баланың психологиялық санаасын ояту мақсатында жүргізілген іс-шаралар өз нәтижесін беріп келеді. Отбасындағы ата-ана тәрбиесінен бөлек, қоғамдық ортадағы тәрбиенің мәні зор. Себебі, қоғамдық ортада білім алушы визінің сана-сезімін, қарым-қатынасын, үлттық болмысын, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, болашаққа деген көзқарасын езгертіп қана қоймай, азаматтық құндылықтарын сақтап, өзінен кейінгі жас бұын білім алушыларға үртедеді. Болашақты бастау – ол біздің қолымызда.

**Досыбай НҰРЛЫБЕК,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті
колледжінің оқытушысы,
магистр үздігі.**